

Секенұлы А., Сансызбаева А.Б.

**Қазақстан Республикасы  
көші-қон мәселесіне  
демографиялық талдау  
(1991-2013 жж.)**

Бұл мақалада көші-қон туралы классикалық теориялар мен шетелдердің озық тәжірибелері және жетістіктері қарастырылған. Қазақстан территориясы бойынша көші-қон ауқымының ерекшелігі, кеңістіктегі орналасу жағдайы, көлемі мен даму қағидалары, көші-қон үрдістерін бақылау және реттеу, еңбек көші-қонын басқару және жоспарлау сипатталған. Ішкі және сыртқы көші-қон көрсеткіштеріне талдау беріліп, оның негізгі себептері қарастырылған. Қарастырылып отырған көші-қон сұрақтары географиялық тұрғыдан зерттеу материалының өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. 1991-2013 жылдар аралығындағы мемлекетаралық көші-қонның нақтылы көрсеткіштері бойынша келушілер санының азаюы сипатталған. Қорытынды бөлімде нақты себептер, ұсыныстар мен пікірлерді жинақтау арқылы еліміздің тұрақты дамуының қажеті үшін көші-қон мәселесін реттеу керектігі туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** көші-қон, мигрант, транзит, диаспора, инвестор, виза, технология, индустрия, эмигрант, иммигрант, урбандану, экология.

---

Saikin A., Sansyzbaeva A.B.

**Demographic analysis  
of migration Republic of  
Kazakhstan (1991-2013 years)**

In this article explores the classical theories of migration, best practices and achievements of foreign countries. The paper refers to the need to regulate and control migration, management and planning of labor migration in Kazakhstan. The analysis of internal and external migration, revealed its main causes. The issues of migration from a geographical point of view, is one of the important topical problems of study materials. In the period of 1991-2013 years. according to reliable indicators of interstate migration there is a noticeable decrease in the number of arrivals. In conclusion, the authors explaining the reasons for offering their opinions and suggestions for sustainable development of the country point to the need to regulate the migration process.

**Kew words:** migration, migrant, diaspora, investor, visa, technology, industry, immigration, emigration, urbanization, ecology.

---

Секенұлы А., Сансызбаева А.Б.

**Демографический анализ  
проблем миграции  
Республики Казахстан  
(1991-2013 гг.)**

В данной статье рассматриваются классические теории миграции, передовой опыт и достижения зарубежных стран. В работе говорится о необходимости регулирования и контроля процессов миграции, управления и планирования трудовой миграции на территории Казахстана. Проведен анализ внутренней и внешней миграции, выявлены ее основные причины. Рассматриваемые вопросы миграции с географической точки зрения являются одним из важных актуальных проблем материалов исследования. В период 1991-2013 гг. по достоверным показателям межгосударственной миграции наблюдается заметное уменьшение количества прибывающих. В заключении авторы, разясняя причины, предлагая свои мнения и предложения для устойчивого развития страны, указывают на необходимость регулирования процесса миграции.

**Ключевые слова:** миграция, мигрант, транзит, диаспора, инвестор, виза, технология, индустрия, эмигрант, иммигрант, урбанизация, экология.

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
КӨШІ-ҚОН  
МӘСЕЛЕСІНЕ  
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ  
ТАЛДАУ  
(1991-2013 жж.)**

**Кіріспе**

Көші-қон мәселесі әлемдік деңгейдегі көкейтесті мәселелердің бірі. Көші-қон саясаты өңірлердің жаһандану мәселесінде маңызды рөлге ие. Бұл жөнінде көптеген елдердің ғылыми зерттеу салаларында ұдайы зерттеу жүргізілуде. Жалпы зерттеушілердің бағытын 2 топқа бөлуге болады. Бірінші британдық демограф Е.Г. Равенштейн уәкілдік еткен көші-қон теориясы, екіншісі американдық У.А. Льюис уәкілдік еткен көші-қон модельдеу әдістемесі. Дегенмен ХХ-ғасырдың 30-жылдарынан бастап Е.Г. Равенштейнның көші-қон теориясы КСРО және Орталық Азия көші-қон үрдісіне үлкен ықпал етті. Бүгінгі Орталық Азия елдерімен Қазақстандағы көші-қон жағдайы Е.Г. Равенштейн теориясының нәтижесі деуге болады [1].

**Бастапқы мәліметтер және зерттеу әдістері**

Еуразия шеңберінде жаһандану үрдісі экономикалық мүдде бағытындағы маңызды фактор. Көші-қон жүйесінің қалыптасуы көптеген себептердің жиынтығынан құралады. Мәселен экономика, адам саны, саясат, мәдениет, дін және т.б. Соның ішінде еңбек көші-қоны ең маңызды орында болып, экономикалық мүдде бағытының негізі болып табылады. Қазіргі замандағы ресурстарға жатады [2]. Орта Азиядағы көші-қон мәселесі 30-жылдардағы Кеңес Одағынан бастау алады. Негізінен КСРО көлеміндегі әр республикалар арасында жүргізілген еңбек көші-қоны (тың және тыңайған жерлерді игеру), білім алу, аралас неке көші-қоны орын алды. Осы барысындағы көші-қон негізінен мемлекеттің орналастыруымен ұйымдасқан түрде жүргізілді. Бұл үрдіс КСРО-ның ыдырауынан кейін аяқталды.

90-жылдардың басында Еуразия құрлығында көптеген дербес мемлекеттер пайда болды. Бұрынғы КСРО құрамындағы мемлекеттер ішінде көптеген өзгерістер болып, аумақтар ішіндегі адамдар да бұрын сонды болып көрмеген көші-қондық өзгерістерге ұшырады. Жоғары техникаларды меңгерген дарындылар, өмір сүру ортасын жақсарту мақсатында олар шетелдерге ағылды. Қалған бөлігі ел ішіндегі экономикасы біршама дамыған қалаларға кетті [3]. Кеңістікке таралу жағынан қарағанда

Орталық Азиядағы еңбек көші-қонын Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан құрады. Себебі, Қазақстанның жері кең, адам саны аз дербес болғаннан кейін, экономикалық жағдайды дамытып, еңбек күшінің ауыр дәрежеде жетіспеушілігі жағдайы пайда болып, Орталық Азиядағы еңбек көші-қонын қабылдайтын ел болды. Жоғарыдағы 3 елдің ауыл қыстақтағы адам саны көп болып, жер ресурстары жетіспегендіктен жұмыспен қамтылу орайы аз болғандықтан, күн көрісін жақсарту үшін көршілес экономикасы біршама дамыған, еңбек күшін талап ететін көршілес Қазақстанға қарай көше бастады. Қазақстанның ерекше географиялық орнына және біршама орнықты экономикалық жағдайына байланысты миграцияны қабылдаушы ел болуымен қатар транзиттік елге айналды. Осымен қатар аталған елдерде қоғамның өзгерісіне байланысты көп мөлшерде заңсыз еңбек көші-қоны пайда болды. Бертін келе Қазақстандағы бір түрдегі қоғамдық күшке, айналып мемлекеттің қоғамдық экономикалық басқаруымен орнықтылығына қысым түсірді. Бұл Қазақстан үкіметі ғана емес, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан қатарлы мемлекеттердің назарын аударды. Сондықтан Қазақстанның көші-қон мәселесін түбегейлі зерттеу, себептерін талдау, осы арқылы саясаттық және заңдық белгілемелерді жасау, еңбек көші-қонының рөлін толық пайдалану, өңірлердің тұрақты дамуы орнықтылығы жағынан да өте үлкен маңыздылыққа ие.

Қазақстандағы жаппай өнеркәсіптену, қалалардың бір-бірімен қосылып кету үрдісінің жеделдеуімен, осы бір күрделі қоғамдық құбылыс адамдардың, ресурстардың, өндіріс факторларымен капиталдың алмасуын тездетіп, қалалардың кеңістіктегі орналасуы мен ресурстарының үздіксіз өзгерісін тудырды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда көші-қонды бірнеше түрге бөліп, кейбір түрлерін қолдаумен қатар

кейбір түрлеріне шектеу қойылуда. Бірақ көші-қонға әсер ететін экономика, қоғам және мәдениет факторларын ойластырмай саясат белгілеп шектеу қою нақтылы нәтиже бермейді.

*Қазақстандағы көші-қонның негізгі себептері*

1. Патшалық Ресей заманында Қазақстанға жіберілген, Сталиндік кезең жылдарында жер аударылған, тың және тыңайған жерлерді игеруге жіберілген шығыс славян тілді бөлігі және әскери-өнеркәсіп кешеніне қызмет істейтіндер мен олардың ұрпақтары тарихи отанына қайтты. 1991-2014 жылдары аралығында шеттен келген қазақтардың саны 920 мың адамды құрайды.

2. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі шет елдерден және Орталық Азиядағы қазақ диаспораларының тарихи отанына оралуы.

3. Өндіріс орындарындағы дағдарыс, зауыттар мен фабрикалардың жабыла бастауы, жеке-шелендірудің алғашқы жылдары көптеген қала тұрғындарының да жұмыссыз қалуларына әкеліп соқты.

4. Экологиялық себептер салдарынан Семей полигоны аймағы мен Арал өңірінен халықтың басқа өңірлерге көшіп кетуі.

5. Қазақстан Республикасының геосаяси орналасу жағдайынан, ТМД елдерімен шекаралардың ашықтығынан, Достастық елдерінің бірыңғай келісілген саясаты болмауынан және заңдық базаның жетілмеуінен туындаған заңсыз көші-қон.

6. Ішкі еңбек рыногында шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты еңбек көші-қоны.

7. Бірқатар мемлекеттердегі қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақсыздығы салдарынан босқындардың болуы.

8. Қалаласумен өнеркәсіптенудің тез қарқынмен дамуы көптеген еңбек күшін қажет етіп, ауылдардағы артық еңбек күшінің қалаға қарай ағылуын тездетті (1-кесте).

1-кесте – 1991-2013 жж. аралығындағы Қазақстан Республикасы халқының мемлекетаралық көші-қон көрсеткіші [4]

	Сыртқы көші-қон		Оның ішінде:			
	келгені	кеткені	ТМД елдері		ТМД-дан тыс елдер	
			келгені	кеткені	келгені	кеткені
1991	170 787	228 473	161 738	150 781	9 049	77 692
1992	161 499	317 760	148 165	216 906	13 334	100 854
1993	111 082	330 107	100 075	229 643	11 007	100 464
1994	70 389	477 068	63 863	372 053	6 526	105 266
1995	71 137	309 632	68 022	208 366	3 115	101 266

	Сыртқы көші-қон		Оның ішінде:			
	келгені	кеткені	ТМД елдері		ТМД-дан тыс елдер	
			келгені	кеткені	келгені	кеткені
1996	53 874	229 412	51 600	155 787	2 274	73 625
1997	38 067	299 455	35 936	239 441	2 131	60 014
1998	40 624	243 663	38 340	193 866	2 284	49 797
1999	41 320	164 947	39 461	120 240	1 859	44 707
2000	47 442	155 749	43 460	116 707	3 982	39 042
2001	53 548	141 710	49 932	101 009	3 616	40 701
2002	58 211	120 223	54 206	85 317	4 005	34 906
2003	65 584	73 890	60 781	49 260	4 803	24 630
2004	68 319	65 530	61 831	46 929	6 488	18 601
2005	74 807	52 139	65 829	40 698	8 978	11 441
2006	66 731	33 690	56 635	30 271	10 096	3 419
2007	53 397	42 435	42 613	39 767	10 784	2 668
2008	46 404	45 287	31 425	42 908	14 979	2 379
2009	41 511	33 985	32 082	31 727	9 429	2 258
2010	42 057	26 541	24 956	33 916	8 141	1 585
2011	38 016	32 920	30 996	31 303	7 020	1 617
2012	28 296	29 722	23 889	28 274	4 407	1 448
2013	24 105	24 384	20 331	22 565	3 774	1 819

### Нәтижелері мен талдау

Е.Г. Равенштейнның көші-қон туралы теориясы бойынша Қазақстандағы көші-қон ауқымына жүргізілген практикалық зерттеулердің талабы бойынша Алматы, Астана, Шымкент, Атырау, Ақтау және Ақтөбе қатарлы қалаларға жүргізілген 2100 дана құжатты тексеруге жинақтап талдау жасау арқылы Қазақстандағы ішкі көші-қон қағидасын төмендегідей қорытындылауға болады.

1. Соңғы жылдары адамдардың үлкен қалаларға көшуі басым екендігін көрсетеді.

2. Жақын аралыққа көшу үрдісі басым болғандықтан, қалаға кіріп жұмысқа тартылу жағдайын жақсарту.

3. Отбасылық көші-қон үрдісі жаңа бір үлгіге айналды.

4. Көші-қонның басты тұлғасы жастар мен орта жастағылар екендігін ескерту.

#### *Сыртқы көші-қон қағидасы бойынша*

1. Шетелдегі қазақ диаспорасының тарихи отанына оралуы тобындағылар басым екендігі анықталды.

2. Шетелдік инвесторлық топтардың шикізаттық айналымдарға көптеп келуі басымырақ.

3. Шетелдік еңбек адамдарының құрылыс нысандарына келіп жұмыс істеу тобындағылар.

4. Шетел азаматтарының шағын бизнеспен айналысатын тобы.


5. Аграрлық аймақтарға жұмыспен қамтылушы тобындағылар.

6. Ғылыми-зерттеу және жоғары оқу орындарында білім алу және білім беруші тобындағылар болып келеді (1-сурет).

#### *Көші-қонның негізгі сақталған мәселелері*

1. Көші-қонның салдарынан адам санының кеңістікке орналасуында ауытқуы пайда болып, өңірлердің тұрақты дамуында негізінен кері ықпалын тигізді. Мәселен, 2050 жылға қарай солтүстік өңірлердегі халықтың саны шамамен миллион адамға қысқарса, керісінше оңтүстік өңірлерде 5,2 млн. адамға артады. Болжамды деректер бойынша оңтүстік өңірдегі халықтың қоныстануы тығыздығы солтүстік өңірден 4 есе артады.

2. Адамдардың қалаға көптеп ағылуынан қаладағы тұрғын үй бағасы тоқтаусыз өсіп, экономикалық нарыққа кері әсерін тигізуде.




1-сурет – 1991-2013 жж. аралығындағы мемлекетаралық көші-қонның нақтылы көрсеткіштері

3. ТМД елдерімен арада визасыз қатынастың салдарынан көптеген заңсыз еңбек көші-қоны пайда болып, олардың секторлық орналасуынан қоғамдық белгілі күш пайда болып, мемлекеттің өңірлердің қауіпсіздігіне, орнықтылығына қысым түсіруде.

4. Еңбек күші нарығында өзгеріс тудырып, ел ішіндегі жұмыссыздықтың артуына себеп болады.

5. Шет елдерге көшуді сылтау етіп, қомақты ақшаны өзімен алып кету барысында мемлекеттің қаржысы мен мал мүлкінің шетелдерге шығарып мемлекет қазынасына зиян келтірді (2-сурет).



2-сурет – Еңбек күшінің индустрияландыру бағыттағы жіктелуі

### Қорытынды

1. Қазақстанның тұрақты дамуының қажет үшін өңірлердің кеңістікке орналасуына реттеу жүргізіп, адам санын еңбек күшін индустриялық бағытта орналасуын жүзеге асырылуы керек.

2. Индустриялық құрылымға реттеу жүргізу арқылы өңірлердің сәйкесті дамуын жүзеге асыру.

3. Сыртқы көші-қонға бағытталған еңбек техникалық сараптау құрылымдарын ашып, шетел азаматтарының деңгейіне қарап, жұмыс бағытын бейімдеу.

4. Көршілес елдермен мемлекетаралық келісіміне қол қоюлармен заңдық белгілемелерді жүйге түсіру.

5. Шетелдік еңбек көші-қонына болған ке-

дендік бақылауды және қоғамдық қауіпсіздік бақылауларды күшейтіп, пайда болатын тиімсіз факторларды дер кезінде меңгеру.

6. Халықаралық еңбек нарығында ықпалдасуды қамтамасыз ету.

7. Эмигранттарды, әсіресе кәсіби білікті мамандармен шетелдегі қазақ диаспораларымен елге қайтаруды ынталандыру.

8. Көші-қонды бақылаудың бірегей жүйесін дамыту және иммиграциялық процестерді бақылауды жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету.

9. Шетелдегі отандастармен құрылымдық қарым-қатынасты дамыту және қолдау.

10. Соңғы құрылған Еуразиялық экономикалық одағының осы мәселелерді зерттеуге, ретке келтіруге толықтай мүмкіндігі жеткілікті.

#### Әдебиеттер

- 1 Ан Джие Шың. Осы замандандыру үрдісіндегі адам санының көші-қон қағидалары // «Халық форумы, ғылыми зерттеу алабы», 2014. – 6.
- 2 Borjas George J. The Economics of Immigration Journal of Economic Literature. Vol. XXX. 1994, pp. 1668.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. – Алматы: Дәуір, 1992. – 56 б.
- 4 Қазақстандағы халықтың тұрмыстық деңгейі 2009-2013 жж. –Астана, 2014. – 27 б.

#### References

- 1 An Jiesheng. Migration of population in the process of modernization // «The peoples forum, the academic frontier». 2014.
- 2 Borjas George J. The Economics of Immigration Journal of Economic Literature. Vol. XXX. 1994, pp. 1668.
- 3 Nazarbaev N.A. On sovereign time of the state formed I to develop strategy. – Almaty: Epoch, 1992. – 56 p.
- 4 Domestic level people in Kazakhstan 2009-2013 yy. –Astana, 2014. -27 p.